



Ер есімі - ел есінде!

Соғыс құрбандары мен ардагерлеріне арналып ескерткіш қойылды


Маусым айының 22 жұлдызында ауданымызға қарасты Алқау ауылында соғыс құрбандары мен ардагерлеріне арналған ескерткіш бой көтерді.

Ұлы Отан соғысы батырларының есімін жас ұрпақ жаттап өсіп, ерліктерін үлгі етсін деген мақсатпен ашылған ескерткіш ауыл азаматтарының бастамасымен, жергілікті жомарт жандардың қолдауымен іске асқан.

Ашылу салтанатына еліміздің түкпір-түкпірінен ел азаматтары, туған жерін сағына келген бұрынғы ауыл тұрғындары жиналған. Шара мемлекеттік әнұранмен басталып, кейіннен алғашқы сөз кезегі ауыл ақсақалдарына берілді

- Болашақ ұрпақ үшін майдан даласында жандарын пидаеткен ата-бабаларымыздың есімін жадымызда мәңгі сақтау біздің үлкен парызымыз. Сондай мақсатта, Алқау ауылында бой көтерген ескерткіштің ашылуымен ауыл тұрғындарын құттықтаймын. Сұм соғыстың азабынан қара жамылған қазақы отбасылар қаншама. Сол себептен, артымыздан ерген ертеңгі ұрпақ тәуелсіз елдің ұланы болып, көк байрағымыз бейбіт аспанымызда мәңгі желбіресін, - дейді Файзолла Шадов.

Шара барысына Аleshин ауылдық округінің әкімі Ержан Бекешев қатысып, жиылған қонақтар мен ауыл тұрғындарының отбасына



Ата-баба рухына арналған мемориал



Ауыл ардагерлері ізгі тілектерімен бөлісіп, бата берілді



Туған жерде жүз қауыштырған алқаулықтар

береке-бірлік , еліміздің тыныштығын тіледі.

Ата – баба рухына арналып салынған мемориалды Алқау ауылының ер азаматтары өз қолдарымен кірпішін қалап, сазын сылаған. Тұрғындар мен өңір қонақтары жергілікті тұрғындарға өз ризашылықтарын білдірді.

- Ауылымыздың төрінен орын алған ескерткіштің біз үшін, ауыл тұрғындары үшін алар орны ерекше. Себебі, сол ескерткіште барша жұрттың ата-бабасының есімі тасқа қашалып жазылған. Соғыс кесірінен ана баласынан, баласы әкесінен, жары арқа сүйер

азаматынан айырылып, қан қақсатқаны тарихтан мәлім. Өскелең ұрпақ бойына ұлы батырларымыздың ерлігін дәріптеу мақсатында ашылу салтанатына дүйім жұртты жинадық. Ескерткіштің бой көтеруіне өз үлесін қосқан, қолдарынан келгенше бар көмекті аямаған ауыл аза-

маттары мен тұрғындарына өз алғысымызды білдіреміз, - деді Жасұлан Мұстафин. Кейіннен ауыл жұртшылығының бастамасымен ұлылардың аруағына арналып, ауыл шетінде ақ дастархан жайылып, құран бағышталды. Асқа Алқау ауылының ақсақал, арда-

герлері қатысып, өз ізгі тілектерімен бөлісіп, бата берілді. Туған жеріне асыға келген ауыл қонақтары бір-бірлеріне жылы ілтипаттарын жаудырып, игі шараның легі өз мәресіне жетті. Ұлы тұлғаларымызды еске ала отырып, өсіп келе жат-

қан өскелең ұрпақ бойына дәріптеу мақсатында іске асқан жобалар легі өз жалғасын тапса дейміз. Бүгінгі Алқау ауылының тұрғындарын құттықтай отыра, өңір жұртшылығына өз ризашылығымызды білдіреміз.

Ақжан БАЙТҰРСЫНОВА